

Сыртқы көрнекі жарнаманы орналастырудың базалық төлем мөлшерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2010 жылғы 23 шілдедегі N 27/5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 9 тамызда N 1752 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2015 жылғы 17 тамыздағы N 37/11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 17.08.2015 N 37/11 шешімімен (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді).

"Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Қазақстан Республикасы Кодексінің 530-бабы 3-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына сәйкес, облыстық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысының жергілікті маңызы бар қоғамдық пайдаланудағы автомобиль жолдарына бөлінген жолақтарда сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға төленетін төлемнің базалық мөлшерін жоғарылату қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың
XXVII сессиясының төрағасы*

*Облыстық
мәслихаттың хатшысы*

Т.У. Қоныспаев

Қ. Едіресов

Облыстық мәслихаттың
2010 жылғы 23 шілдедегі
№ 27/ 5 шешіміне қосымша

Сыртқы көрнекі жарнаманы орналастырудың ай сайынғы төлем мөлшері жөнінде қосымша

Мынадай жерлерде орналастырылатын жарнама объектілері бойынша ай сайынғы базалық төлемақы ставкалары:

1) жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль

жолдарының бөлінген белдеуінде және елді мекендерде жарнама объектісінің ауданы және орналастыратын жері негізге алына отырып белгіленеді:

Рет N	Жарнама түрлері	Жылжымайтын объектілерге төлемақы ставкалары бір жағы үшін) (АЕК)			
		Әуелгі		Екі есеге көбейген	
		Облыстық маңызы бар қалалар	Аудандық маңызы бар қала лар, кенттер, селолар, ауылдар	Облыстық маңызы бар қала лар	Аудандық маңызы бар қала лар, кент село ауыл дар
1	2	3	4	5	6
1.	Ауданы 2 ш.м. дейін сілте мелер, маңдай шалар, ақпарат ты қалқандар (бір объект үшін)	1	0	2	0
2.	Лайтбокстар (сити-формат тағы)	2	1	4	2
3.	Ауданы мынадай болатын жарна малық-ақпарат тық объектілер:				
3.1	2-ден 5 ш.м. дейін	3	1	6	2
3.2	5-тен 10 ш.м. дейін	5	2	10	4
3.3	10-нан 20 ш.м. дейін	10	5	20	10
3.4	20-дан 30 ш.м. дейін	15	5	30	10
3.5	30-дан 50 ш.м. дейін	20	10	40	20
3.6	50-ден 70 ш.м. дейін	30	15	60	30
3.7	70 ш.м. астам	50	25	100	50
4.	Шатырүсті неон ды жарнама құрылғылары (жарық-динамика лық панно неме се көлемді неон ды әріптер):				
4.1	30 ш.м дейін	20	10	40	20
4.2	30 ш.м. астам	30	10	60	20
	Палаткалардағы, тенттердегі,				

5.	шатырлардағы, бастырмаларда ғы, қалқа - шатырлардағы, тулардағы, жалаушалардағы, штандрттардағы жарнама:				
5.1	5 ш.м дейін	1	0	2	0
5.2	5-тен 10 ш.м. дейін	1	0	2	0
5.3	10 ш.м. астам	2	1	4	2
6.	Уақытша тұр паттағы дүңгір шектер мен павильондардағы жарнама:				
6.1	2 ш.м дейін	1	0	2	0
6.2	2-ден 5 ш.м. дейін	1	0	2	0
6.3	5-тен 10 ш.м. дейін	2	1	4	2
6.4	10 ш.м. астам	4	2	8	4
7.	Жарнамалық жай ма құрылғылар (штендерлер)	5	1	10	2